



2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары

№	Отырыс тақырыбы	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жаңа оқу жылының бағыт-бағдары және цифрлық даму	1. 2024–2025 оқу жылының әдістемелік жұмысын талдау. 2. 2025–2026 оқу жылының басым бағыттарын бекіту. 3. «Digital Kids» жобасын енгізу және жол картасын бекіту. 4. Жасанды интеллект (ЖИ) қолдану бағыттары.	Тамыз	Әдіскер, Менгеруші
2	Ойын – бала дамуының негізі: заманауи технологиялар	1. Ойын арқылы оқыту технологияларын жетілдіру. 2. Жасанды интеллект элементтерін қолдану. 3. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру. 4. «Адал азамат» БТБ құндылықтарын қалыптастыру.	Қараша	Тәрбиешілер, Әдіскер
3	Тәрбие мен білім сапасының мониторингі және экологиялық тәрбие	1. Балалардың даму мониторингі. 2. Психологиялық-педагогикалық қолдау. 3. «Жасыл балабақша» жобасы. 4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие» бағдарламасы.	Қаңтар	Психолог, Әдіскер
4	Шеберлік мектебі: тәжірибе алмасу және инновация	1. Авторлық жобалар (Digital Kids, ЖИ). 2. Ата-аналармен цифрлық жұмыс. 3. Жас мамандармен жұмыс. 4. Адалдық және ашықтық мәдениеті.	Наурыз	Мамандар, Тәрбиешілер
5	Оқу жылын қорытындылау және даму перспективасы	1. Кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Жол картасы нәтижелері. 3. Жылдық есептер. 4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.	Мамыр	Әдіскер, Тәрбиешілер

Кеңес отырысының қатысушылары: 32 педагог

Күн тәртібі:

- 1.2024–2025 оқу жылының әдістемелік жұмысын талдау
- 2.2025–2026 оқу жылының басым бағыттарын бекіту
- 3.«Digital Kids» жобасы және жол картасы
- 4.Жасанды интеллект (ЖИ) қолдану, жоспарымен таныстыру

Тыңдалды:

1-сұрақ бойынша әдіскер Кубашева С.Т. сөз сөйледі:

Кубашева С.Т. өткен оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстарға толық талдау жасап өтті. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігі артқаны, ашық сабақтар мен семинарлар жүйелі ұйымдастырылғаны атап өтілді. Сонымен қатар, кейбір педагогтардың цифрлық технологияларды қолдану деңгейі жеткіліксіз екендігі айтылып, бұл бағытта алдағы уақытта жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттілігі көрсетілді.

2-сұрақ бойынша меңгеруші Г.К.Иманова сөз сөйледі:

Меңгеруші жаңа оқу жылының негізгі бағыттарын атап өтті: білім сапасын арттыру, цифрландыру, тәрбие жұмысын күшейту, ата-анамен серіктестік орнату. Сонымен қатар, адалдық, жауапкершілік, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аудару қажеттігін айтты.

3-сұрақ бойынша әдіскер Кубашева С.Т. сөз сөйледі:

«Digital Kids» жобасының мазмұнын таныстырып, балалардың цифрлық сауаттылығын дамыту бүгінгі күннің талабы екенін атап өтті. Жоба аясында интерактивті әдістер мен құралдар қолданылатынын, жол картасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынын түсіндірді.

4-сұрақ бойынша тәрбиеші Сырлыбайқызы В. сөз сөйледі:

Жасанды интеллектті қолдану педагогтарға оқу қызметін жоспарлау, көрнекіліктер дайындау барысында үлкен көмек беретінін атап өтті. ЖИ қолдану арқылы уақыт үнемделіп, жұмыстың сапасы артатыны айтылды.

Сөйледі:

Психолог Клещева Т.И. сөз алып, балалардың цифрлық ортада дамуын дұрыс бағыттау маңызды екенін атап өтті.

Тәрбиешілер өз пікірлерін білдіріп, цифрлық құралдарды меңгеруге дайын екендерін айтты.

Шешім:

- 1.Өткен оқу жылының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын
- 2.Басым бағыттар бекітілсін
- 3.«Digital Kids» жобасы енгізілсін
- 4.ЖИ бойынша оқыту жұмыстары ұйымдастырылсын

МКҚК №15 «Жидек» Б/Б
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ХАТТАМА

Ақтөбе қ.

№2

«14» «11» 2025 ж.

Кеңес отырысының қатысушылары: 30 педагог

Тақырыбы: Ойын – бала дамуының негізі: заманауи технологиялар

Күн тәртібі:

1. Ойын арқылы оқыту технологияларын жетілдіру.
2. Жасанды интеллект элементтерін қолдану.
3. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру.
4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жұмыстарын жоспары бойынша орындау.

Тыңдалды:

1. Сөйледі. Тәрбиеші Көптілеуова Г.Ж. сөз сөйледі:
Ойынның бала дамуына әсері туралы айтып, ойын барысында балалардың танымдық, коммуникативтік қабілеттері дамитынын атап өтті. Әсіресе, рөлдік ойындардың маңыздылығына тоқталды. Ойынның түрлерін көрсетіп, педагогтерге өз қолымен қалай жасаудың тәсілдерін көрсетті.
2. Сөйледі. Әдіскер Кубашева С.Т. сөз сөйледі:
Ойын технологияларын жүйелі қолдану қажеттігін және оларды цифрлық құралдармен ұштастыру тиімді нәтиже беретінін айтты.
3. Сұрақ бойынша әдіскер Кубашева С.Т., педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру бойынша, Дарын-ай сайтында тегін курс өтуге болатынын айтты, өздеріне пайдалы платформаларды жүктеп алып жұмыстарына пайдалануға болатынын айтты.
4. Тәрбиеші Кравченко Н.Н. сөз сөйледі:
Ойын арқылы балалардың эмоциялық жағдайы тұрақталып, өзін еркін сезінетінін атап өтті. «Адал азамат» БТБ циклограммаға әр күнін жоспарлануы бойынша ұлттық ойындарының маңыздылығын айтты.

Сөйледі: тәрбиеші Кульжанова А.Е.

Педагогтар ойын түрлерімен бөлісіп, ұлттық ойындарды енгізу қажеттігін қолдады.

Шешім:

1. Ойын технологиялары жүйелі қолданылсын
2. ЖИ элементтері енгізілсін
3. Цифрлық құзыреттілік арттырылсын
4. «Адал азамат» БТБ жүргізілсін

№15 «Жидек» Б/Б әдіскері С.Т.Кубашева

